



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ «ИДЕЯЛАР БАНКІ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОРТАЛЫН ІСКЕ ҚОСТЫ

«Идеялар банкі» платформасы - компания жұмысшыларынан рационализаторлық ұсыныстарды қабылдау процесін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе.

Бұл жұмысшылардың идеяларымен бөлісуге мүмкіндік береді.

Жобаға қабылданған әрбір ұсыныс авторына сыйақы беріледі.

Сыйақының екі түрі қарастырылған:

- НТС шешімі негізінде ерекше (қайталанбайтын) ұсыныстар үшін;

- рационализаторлық ұсынысты енгізу нәтижелері бойынша алынған экономикалық тиімділік үшін. Сыйақы мөлшері жылдық экономикалық тиімділікке байланысты өзгеруі мүмкін.

Рационализаторлық қызмет туралы ережемен толығырақ www.kbm.kz корпоративтік сайттан танысуға болады.

Порталға <https://idea.kbm.kz> сілтемесі арқылы немесе www.kbm.kz корпоративтік сайттың басты бетіндегі «Идеялар банкі» батырмасын басу арқылы кіруге болады.

Идеялар банкі порталына тіркелу үшін басты беттегі «Тіркелу» сілтемесін басу қажет.

«Қаражанбасмұнай» АҚ «Идеялар банкі» электрондық порталын іске қосты.

«Идеялар банкі» платформасы - компания жұмысшыларынан рационализаторлық ұсыныстарды қабылдау процесін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе.

Бұл жұмысшылардың идеяларымен бөлісуге мүмкіндік береді.

Жобаға қабылданған әрбір ұсыныс авторына сыйақы беріледі.

Сыйақының екі түрі қарастырылған:

- НТС шешімі негізінде ерекше (қайталанбайтын) ұсыныстар үшін

- рационализаторлық ұсынысты енгізу нәтижелері бойынша алынған экономикалық тиімділік үшін. Сыйақы мөлшері жылдық экономикалық тиімділікке байланысты өзгеруі мүмкін.

Рационализаторлық қызмет туралы ережемен толығырақ www.kbm.kz корпоративтік сайттан танысуға болады.

БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР:

2
бет
«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ-дағы КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР
ПОДГОТОВКА К РЕГИОНАЛЬНОМУ ЭТАПУ КОНКУРСА «ЛУЧШИЙ ПО ПРОФЕССИИ – 2023»

3
бет
«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ ЖАС МАМАНДАРЫ ҚАН ТАПСЫРДЫ
АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА АЛҒЫС

4-5
бет
СПОРТ БІРЛІККЕ БАСТАЙДЫ!
СПАРТАКИАДА АЛАҒЫНДА
СПАРТАКИАДАНЫҢ ІРІКТЕУ
КЕЗЕҒІНІҢ ЖЕҒІМПАЗДАРЫ
АНЫҚТАЛДЫ

6-7
бет
II ВАХТА МҰНАЙШЫЛАРЫ
АРАСЫНДАҒЫ
«ҮЗДІК МАМАН» БАЙҚАУЫ
«ҮЗДІК МАМАН-2023»
БАЙҚАУЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕ КЕЗЕҒІ

8
бет
«ЕҢБЕК ЕТУ – ЕР ІСІ,
ЗЕЙНЕТ ОНЫҢ ЖЕМІСІ»
«УРА, КАНИКУЛЫ!»

9
бет
ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ
ЧИСТОТА И ПОРЯДОК НА
МЕСТОРОЖДЕНИИ

10
бет
ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ
– АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ
ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ
ПРАВЛЕНИЕ КБМ ПОЗДРАВИЛО
ПРИЗЕРОВ ЧЕМПИОНАТА АЗИИ ПО
САМБО

11
бет
ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ
ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ

12
бет
ҚАРАЖАНБАС АРДАГЕРЛЕРІ
ШАҒЫН ФУТБОЛДАН
ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Порталға <https://idea.kbm.kz> сілтемесі арқылы немесе www.kbm.kz корпоративтік сайттың басты бетіндегі «Идеялар банкі» батырмасын басу арқылы кіруге болады.

Идеялар банкі порталына тіркелу үшін басты беттегі «Тіркелу» сілтемесін басу қажет.



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ-дағы КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

«CITIC Resources Holdings Limited» компаниясы 2023 жылдың 30 маусымынан бастап «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) Бас директорының бірінші орынбасары Ли Тецяның басқа лауазымға ауысуына байланысты өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдады.

Тиісті шешім қабылданғанға дейін Бас директордың бірінші орынбасарының міндетін Бас директордың қаржы және экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары Лю Цинго атқарады.

Ли Теця компаниядағы еңбек жолын 2007 жылы бастады. Ол ҚБМ компаниялар тобында әртүрлі басшылық қызметтер атқарды.

ПОДГОТОВКА К РЕГИОНАЛЬНОМУ ЭТАПУ КОНКУРСА «ЛУЧШИЙ ПО ПРОФЕССИИ – 2023»

В этом году региональный этап конкурса профессионального мастерства «Лучший по профессии - 2023» состоится на базе месторождения Каражанбас. Нефтяники, успешно прошедшие отборочные туры будут отстаивать звание «лучших» по 17 номинациям.

Так, на месторождение прибыли члены комиссии для ознакомления с готовностью конкурсных площадок, утверждения регламентов, теоретических вопросов и практических заданий с учетом специфики и особенностей оборудования, а также рабочих мест. Рабочая делегация основательно подошла к вопросу обеспечения максимально комфортных условий для участников.

Традиционно конкурс «Лучший по профессии» проводится среди работников дочерних и зависимых организаций АО «НК «КазМунайГаз» с целью внедрения на практике передовых методов и приемов труда, повышения уровня профессиональной, теоретической подготовки работников, развития творческой активности работников и положительного влияния на рост производительности труда и т.д.



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ ЖАС МАМАНДАРЫ ҚАН ТАПСЫРДЫ

14 маусым – Дүниежүзілік донор күні. Осыған орай «Қаражанбасмұнай» АҚ «Жас маман кеңесі» облыстық қан орталығына барып, қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

Науқан мақсаты - өміріне қандай да бір қауіп төніп тұрған адамдарға, күрделі аурулармен күресіп келе жатқан науқастарға жәрдемдесу. Бұл бір жағынан қан тапсырушы донордың денсаулығын сақтауға, иммунитетін арттыруға және қанның жағдайын жақсартуға көмектеседі.

Жақсылыққа жаны құштар жастар осындай игі шараны әр тоқсан сайын ұйымдастыруға ниетті.



АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА АЛҒЫС



Елімізде үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлері күні атап өтіледі. Осыған орай «Қаражанбасмұнай» АҚ қызметкерлері жұмысшылар денсаулығын қорғауға ерекше үлес қосып жүрген «Нейрон» медициналық орталығының ақ халатты абзал жандарын кәсіби мерекесімен құттықтады.

Медицина қызметкерлері мұнайшылар игілігі үшін кен орнында да, вахтааралық кезеңде де жұмыс істейді. Олар өз кәсіби қызметін азаматтық міндет деп қабылдап, уақытпен санаспай адал еңбек етіп келеді. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау департаментінің қызметкерлері ақ халаттыларға алғыс хаттар табыс етіп, жұмыс

барысында пациенттердің әрқайсысына адамгершілікпен ерекше көңіл бөлетінін атап өтті.

«Өмірін медицинаға, әсіресе өндіріс мамандарының саулығын сақтауға арнау - бұл үлкен жауапкершілік. Сіздер адам жанына араша болатын батыл жүрек иесісіздер. Мереке құтты болсын!», - деп атап өтті мұнайшылар.

СПОРТ БІРЛІККЕ БАСТАЙДЫ!



«Каспий» спорт кешенінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының қызметкерлері арасындағы жыл сайынғы спартакиаданың ашылу салтанаты өтті. 5-ші топтың іріктеу кезеңінде «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Oil Services Company» ЖШС, «Oil Construction Company» ЖШС, «Oil Transport Corporation» ЖШС және «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС командалары бақ сынады.

«Бұқаралық спорт түрлі ұжымдарды біріктіреді, табысқа жетелейді және салауатты өмір салтын насихаттайды. Өндірістегі ауыр қызметіңізге қарамастан, барлық іс-шараларға белсенді қатысатыныңызға қуаныштымыз. Біздің компанияда жұмысшылардың спортпен айналысып, бос уақытын тиімді өткізуі үшін барлық жағдай жасалған. Жарыста сәттілік пен жеңіс тілейміз!», - деп атап өтті ҚБМ басшылығы құттықтау сөзінде.

Ережеге сәйкес, арқан тарту, қол күрес, волейбол, шағын футбол, баскетбол турнирлері қатар өтіп жатыр. Екі күн ішінде спортшылар асық ату, тоғызқұмалақ, киберспорт, жүзу, үстел теннисі және шахматтан мықтыларды анықтайды.

Барлық команда додаға жайдары көңіл-күймен, жеңіске деген ерекше ұмтылыспен келген. Сайыс нәтижелері барлық топ жарыстарының қорытындысы бойынша белгілі болады.

СПАРТАКИАДА АЛАҢЫНДА

(«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Спартакиадасының 5 тобы бойынша іріктеу жарыстарына арналған)

Біріктіріп бір арнаға жастарды, Еңбек пенен спорт ұраны тасталды, Мұнайшылар жиылған бұл алаңда Спартакиада іріктеу кезеңі басталды!

Ежелден майлы қиян мұнай саласы, Ынтымақ пен бірліктің бұл шарасы. «Спорт пен еңбек – егіз» деген де бар, Ешкімнің оған жоқ қой таласы.

Көңілім бұрқан-талқан шарқ ұрады, Денемде жүйрік қандар шапқылады. «Жүйріктен жүйрік озған» бұл сайыста Мықтылардың мықтысы бақ табады.

Кеудемдегі үмітім бір өшпейді, Көңілім аласұрып бүлкетейді. Бір желпініп алсам да мен тебіреніп, Спортшылар салмақты, бүлк етпейді.

Қалың жұрт шулайды кеп, алған қызыл, Бұл дода кімге үрей, кімге қызық. Алты бірдей қатарласқан командалың Шығар екен қайсысы басып озып?!


Намысты қолдан бермей уысына, Футболшы, палуандар да жүр осында. Жанкүйерлер қошамені күш бергендей, Спортшылар талпынуда тау басына.

Мақсатына жетемін деп жеңістіктің, Ойымда тұр қайнап ең ыстық күн. Үмітпен бірге тұрып, бірге жаттым, Додадан бақыт күттім, жеңіс күттім.

«Спартакиадам – зор мақтаныш ол-дағы» Әуендетті спортшылар одағы. Шап, мұнайшы, жете бергін мәреге, Кеудемнен кешіп өтіп доданы!

Жүректегі сөндіргемін жалыныңды, Атойлап сала бергін ұраныңды, Алдыңа қара салмай, жеңімпаз бол, Алтындарға толтыра бер қоржыныңды!

Жеңіс тойын тойлаймыз дүрлдеген, Жүлдегердің білмеймін түрін де мен, Үкілі үміт барады жанды тесіп, Көңіл толқып, жүрегім жазады өлең.



Разуанова Динара Жұмағалиқызы
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің аға заңгері

СПАРТАКИАДАНЫҢ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары жұмысшыларының 5-тобы спартакиаданың іріктеу кезеңін сәтті аяқталды. Екі күн бойы «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ), «Oil Services Company» ЖШС (OSC), «Oil Construction Company» ЖШС (OCC), «Oil Transport Corporation» ЖШС (OTK), «Мұнайтелеком» ЖШС және «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС еңбек ұжымдары спорттың 11 түрінен сынға түсті.

Қатысушылар шағын футбол, волейбол, баскетбол, теннис ойнап, арқан тарту мен қол күресте күш сынасты. Бұдан бөлек жұмысшылар шахмат пен тоғызқұмалақта зияткерлік қабілетін паш етіп, киберспорттан үздіктерді анықтады.

Жалпы командалық және жеке қатысушылар нәтижесі төмендегідей:

Шағын футболдан ҚБМ командасы жарқын ойын көрсетіп, I орынға ие болды. II сатыға OSC командасы тұрақтаса, III орын OCC құрамасына бұйырды.

Волейбол (ерлер арасында): I орын – OSC, II орын – ҚБМ, III орын – «Маңғыстауэнергомұнай».

Волейбол (әйелдер арасында): I орын – ҚБМ, II орын – OSC, III орын – «Мұнайтелеком».

Арқан тарту: I орын – OSC, II орын – ҚБМ, III орын – ОТК.

Асық ату: I орын – ҚБМ, II орын – «Мұнайтелеком», III орын – OSC.

Шахмат (ерлер арасында): I орын – OSC, II орын – «Маңғыстауэнергомұнай», III орын – ОТК. Бұл сайыста ҚБМ IV сатыға тұрақтады.

Қол күрестен (80 келіге дейінгі ерлер арасында): I орын OSC жұмысшысы Рахат Бейсеновке, II орын ҚБМ-дық Жұмат Сағындықовқа, ал III орын «Маңғыстауэнергомұнайлық» Бақтыбек Майлановқа бұйырды.

Қол күрес (ерлер арасында +80 келі): I орын – OSC, II орын – «Маңғыстауэнергомұнай», III орын – ОТК.

60 келіге дейінгі әйелдер арасында қол күрестен I орынды ҚБМ-дық Құралай Ақжігітова жеңіп алды.

60+ келі салмақ дәрежесі бойынша да I орын Сара Акаеваға бұйырып, жеңіс ҚБМ қоржынында қалды.


Тоғызқұмалақ (ерлер арасында): I орын – ҚБМ-дық Бернұр Ғабдірасылұлы, II орын – OSC жұмысшысы Бақтыбай Айдарбеков, III орын – «Мұнайтелекомнан» Абылайхан Нұрғайынов.

Әйелдер арасындағы тоғызқұмалақ сайысында ҚБМ-дық Солима Гаржаубаева I орынды жеңіп алды.

Үстел теннисінен (ерлер арасында): I орынды «Маңғыстауэнергомұнайдан» Болат Укумбаев, II орын – ҚБМ-нан Талап Барболов, III орынды OSC-дан Нұрлан Тілегенов қанағат тұтты.

Киберспорт қорытындысы: I орын – OSC, II орын – OSC, III орын – ҚБМ құрамасы.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және медаль-кубокдармен марапатталды. Сондай-ақ іріктеу кезеңінің чемпиондарына ақтық кезеңге жолдама берілді. Осылайша мұнайшылар спартакиада арқылы әріптестік байланысын нығайтып, жеңіс пен бірлік туын қатар желбіретті.



II ВАХТА МҰНАЙШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ «ҮЗДІК МАМАН» БАЙҚАУЫ

Қаражанбас кен орнында II вахта жұмысшылары арасында да «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауы басталды. Биылғы додаға екі жүзден астам мұнайшы 23 аталым бойынша білімі мен тәжірибесін сарапқа салуға өтініш білдірді.

Алғашқы теориялық кезеңде оларға өз қызметі, өндірістік, экологиялық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау бойынша тест сұрақтары берілді. Ереже бойынша жұмысшылар 20 минут ішінде 20 сұраққа жауап беруі тиіс.

«Үздік маман» білікті мұнайшыларды танытатын тартысты байқау. Сондықтан сайыс мықты дайындықты талап етеді. Әріптестерге сәттілік!», – дейді қатысушылар.

«Үздік маман» атануды мақсат еткен мұнайшылар теориялық тапсырмаларды ойдағыдай орындап жатыр. Алайда «кіл мықтыда, кім мықты» екені тәжірибе кезеңінен соң анықталады.



«ҮЗДІК МАМАН-2023» БАЙҚАУЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕ КЕЗЕҢІ



Қаражанбаста теория мен тәжірибені тең меңгерген кәсіби білікті мұнайшыларды анықтайтын «Үздік маман-2023» сайысының екінші кезеңі басталды. I вахта бойынша тест тапсырмаларын ойдағыдай орындаған жүзден астам қатысушы 23 аталым бойынша өз шеберлігін дәлелдеу мақсатында практикалық тапсырмаларға кірісті.

Екінші кезең кен орны аумағындағы бірнеше өндірістік алаңда бір мезетте өтіп жатыр. Мұнда тәжірибе тапсырмаларына қажетті барлық құрал-жабдықтар мен арнайы техникалар бар. Әр аталым қатысушыларына тапсырма көлеміне байланысты арнайы уақыт белгіленген. «Үздік мамандар» жылдар бойы жиган білімін пайдаланып, жұмысты тез әрі тиянақты орындауға барын салуда.

«Бұл өз ісінің нағыз үздіктерін анықтайтын шешуші кезең. Сондықтан тапсырма кезінде алгоритмді сақтай отырып, барлығын сапалы орындау керек. Жыл сайын сайыс тартысты өтіп келеді. Бұл арқылы біз кәсіби шыңдаламыз. Барлығына сәттілік пен жеңіс тілейміз!», – деді қатысушылар.



Білікті мамандардан құралған комиссия мүшелері сайыскерлердің тапсырманы орындау шеберлігін жіті бақылады. Олар ең алдымен қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, жұмыстың кәсіби деңгейде орындалуына ерекше мән берді. Қатысушылар да артылған үмітті абыроймен ақтады.

Тәжірибе кезеңі II вахта үздіктері арасында да өткізіледі. Ал жалпы қорытынды екі ауысым жұмысшылары тапсырмаларын толық орындап болғаннан кейін анықталады.





«Қаражанбасмұнай» АҚ – өлкенің қара алтын игеру саласына ерен еңбек сіңірген мұнайшылардың талай толқынын кәсіби жетілдірген қарашаңырақ. Мұнда ел экономикасының дамуына үлес қосуды мақсат еткен мыңдаған мұнайшы өмірін өндіріске арнап, адал еңбек етіп келеді.

Білгені мен түйгенін тәжірибеде қолданып, ізбасарларына тағылымды тәлімгер болып жүрген алдыңғы буын құрметті демалысқа шығып, жыл сайын ардагерлер қатары артуда.

Алпыстың асқарын бағындырғандардың бірі - бұ өндіру цехының (БӨЦ) химиялық су тазарту аппаратшысы Мұрат Досқарин. Оның алғаш

рет вахтаға келген сәті әлі күнге дейін жадында жаттаулы. Білікті маман су құрамындағы химиялық элементтерді ажыратып алып, жұмсарту кезеңінен өткізіп, бу генераторларына құбыр арқылы жіберу процесін бес саусағындай біледі. Ол осы іс арқылы маңызды өндірістік цех жұмысын алға жылжытуға сүбелі үлес қосты.

Зейнет демалысы алдында электр цехының (ЭЦ) шебері Маут Тюлебаев пен 6-шы дәрежелі жөндеуші Александр Дрозд да әріптестер құрметіне бөленді. Қос жұмысшы 25 жылға жуық уақыт ішінде кен орнының электр энергетикасын тұтас меңгеріп, кез келген апаттық ажырату жағдайында



тез әрі тиімді шешім қабылдауға дағдыланған.

Александр электр жабдықтарын жөндеуден алдына жан салмаса, Маут жұмысшылардың берілген тапсырыстарды уақытылы әрі сапалы орындауын қадағалайды. Олардың қызметі Қаражанбастағы өндіріс үздіксіздігін сақтауға тікелей байланысты.

Жалынды жылдарын өндіріс алаңында өткерген еңбек адамдары өмір кітабының Қаражанбастағы алтын тарауын мазмұнды түйіндеді. Еңбегін еліне арнап, кен орнын өз үйінен кем көрмеген мұнайшыларға құрмет қашан да ерекше болмақ.

«УРА, КАНИКУЛЫ!»

АО «Қаражанбасмұнай» уделяет особое внимание эффективной организации летнего отдыха для детей работников. Так, в этом году более 2200 детей в возрасте от 7 до 14 лет отдохнут в лучших лагерях Алматы и побережья Каспийского моря.

Первый поток ребят уже отдыхает в лагере «Айналайын», расположенном в предгорьях Алатау. На протяжении двух недель они с пользой проведут каникулы, обретут новых друзей, примут участие в культурно-спортивных мероприятиях и посетят достопримечательные места.

Увлекательный отдых продолжится в оздоровительных лагерях «Алма-Арасан» и «Толқын Plaza».



ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ



«Қаражанбасмұнай» АҚ «Жас маман кеңесі» мүшелері мен еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау департаменті қызметкерлері өткен демалыс күндері ауқымды экологиялық сенбілікке шықты. Мұнайшылар бастамасына қолдау көрсету мақсатында Yessenov University студенттері қатарға қосылды.

Мұнайшылар сенбілік өткізу үшін облысымыздағы көрікті жерлердің бірі – «Голубая бухта» жағалауын таңдады. Қолына күрек, тырма және т.б. қажетті құралдар алған 90-нан астам белсенді аталмыш учаскені ұйымшылдықпен, мұнтаздай таза етті.

«Табиғатты қорғау – әр адамның міндеті. Экологиялық акциялардың трендке айналғаны және көпшіліктің



осындай бастамаларды қолдауы көңіл қуантады. Бірлескен күш-жігер арқасында біз үлкен шараны ойдағыдай өткіздік», - деп атап өтті қаражанбастықтар.

Жігерлі жастар күшімен пластикалық бөтелкелерден бастап, автомобиль шиналарына дейін 10 тоннадан астам қоқыс жиналды. Арнайы техникаға тиелген қатты қалдықтар қоқыс полигонына жіберілді.

ЧИСТОТА И ПОРЯДОК НА МЕСТОРОЖДЕНИИ



Нефтяники Каражанбаса продолжают добрые традиции, объединяющие поколения по охране окружающей среды. В этот раз порядка 100 работников вышли на субботник и навели порядок на территории цехов и производственных площадок.

Совместными усилиями экологи собрали сухой и ТБО, а также дружно повели полив зеленых насаждений. В результате субботника на полигон с помощью спецтехники было отправлено более 20 тонн мусора.





ҚАРАЖАНБАС МҰНАЙШЫЛАРЫ – АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің (БЖҰЖКЖД) шебері Сәндібек Дүйсенбеков күміс жүлдеге ие болды.

Жарысқа 30-ға жуық елдің спорт шеберлері қатысты. Қаражанбас мұнайшылары 64 келі салмақ дәрежесінде сынға түсті. Бауыржан 40-45 жас арасында өнер көрсетсе, Сәндібек 45-49 жас көрсеткіші бойынша боз кілемде белдесті. Бағы мен бабын таразыға салған жұмысшылар Қазақстан намысын абыроймен қорғап, II және III орынға тұрақтады.

«Азия чемпионаты - нағыз мықтылар бас қосқан дода. Біз үздіксіз дайындық пен жеңіске құштарлық арқасында үздіктер қатарынан көріндік. Спортты серік еткен мұнайшыларға үнемі қолдау көрсетіп отыратын ҚБМ Басқармасына алғысымыз шексіз!», - дейді жігіттер.

Қос жүлдегер үшін жарыс жолы әлі аяқталған жоқ. Олар күзде Оралда өтетін Әлем чемпионатына жолдама алды. Балуандар алдағы бәсекеде алтын медаль қанжығалауға ниеттеніп, жаттығуларын пысықтауға кірісіп кетті.

«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның қос мұнайшысы самбодан Азия чемпионатында жүлдегер атанды. Бұл жолы технологиялық көлік департаментінің (ТҚД) цементтеуші агрегат моторисі Бауыржан Есболаев қола медаль қанжығаласа, бұрғылау

ПРАВЛЕНИЕ КБМ ПОЗДРАВИЛО ПРИЗЕРОВ ЧЕМПИОНАТА АЗИИ ПО САМБО

Правление АО «Қаражанбасмұнай» приняло мастера департамента бурения и подземного капитального ремонта скважин Сандибек Дуйсенбекова, завоевавшего серебряную медаль на чемпионате Азии по самбо. Генеральный директор Нурсейит Союнов поздравил работников с яркими достижениями на прошедшем международном первенстве.

«Совмещать тяжелое производство с не менее тяжелым видом спорта – ответственная задача, с которой наши нефтяники отлично справляются. Мы всегда болеем за вас и радуемся успехам!», - отметил руководство.

Напомним, мастер ДБиПКРС Сандибек Дуйсенбеков и моторист ДТТ Бауыржан Есболаев завоевали серебряную и бронзовую медали, достойно защитив честь страны на масштабном первенстве. В свою очередь, спортсмены вручили руководству компании благодарственное письмо от имени областной федерации самбо.

«Поддержка окружающих способна проложить путь к победе. Поэтому мы особенно благодарны руководству и коллегам за внимание и почет. Для нас большая гордость защищать честь компании на соревнованиях», - отметил С. Дуйсенбеков.

Нефтяники-спортсмены уже начали активную подготовку к чемпионату мира, который пройдет в сентябре текущего года.



ҚАРАЖАНБАСТАҒЫ ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ



Қаражанбас жұмысшылары үшін мұсылманның ұлық мерекесі құрбан айтты ерекше атап өту дәстүрге айналған. Мұнайшылар биыл да әр цех аумағында құрбандық шалып, қайырымдылыққа атсалысып, рухани әңгімелермен сусындады.

«Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ-нің ұйымдастырған спортдодасы мереке ажарына шаттүсті. Мұнайшылар екі күн бойы боз кілемде белдесіп, кір тасын көтеру мен арқан тартудан мықтыларды анықтады.

Қатысушылардың әрқайсысы жеңісті қолдан бермеуге тырысып, өз цехы мен жанкүйерлер үмітін ақтауға барын салды.

«Құрбан айт – адамдарды қайырымдылық пен мейірімділікке, достыққа шақыратын мереке. Вахтада болсақ та, таң атысымен құрбандық шалып, мұсылмандық міндетімізді орындауға тырыстық. Спорттық жарыстар да тартысты өтті. Барлық еңбек ұжымын мұсылманның ұлық мерекесімен құттықтаймыз!», - деді қаражанбастықтар.

Қорытындыға сәйкес, кір тасын көтеруден технологиялық көлік департаментінің (ТҚД) жүргізушісі Қанжар Сыдықов үздік деп танылды. Қазақша күресте ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу цехының (ҰЖКЖЦ) бұрғышы көмекшісі Шалқар Жәңгірхан I орынға лайық деп танылды. Ал арқан тарту сайысында ТҚД командасы шашасына шаң жұқтырмады. Жүлдегерлер мен жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлық сертификаттары табыс етілді.



МАУСЫМ АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

01.06.1963 жыл, Шаяхметов Бағдат,
№1 автотізбектің автомобиль жүргізуші

03.06.1963 жыл, Дәуіт Алтынғали Жұмажанұлы,
№6 автотізбектің автомобиль жүргізуші

07.06.1963 жыл, Қуантыр Асқар Төлесінұлы,
Электр цехының электромонтері

08.06.1963 жыл, Оразалиев Райым Молдабайұлы,
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері

13.06.1963 жыл, Нұрмағамбетов Жұмабек Белдібайұлы,
№4 автотізбектің автомобиль краны машинисі

15.06.1963 жыл, Сейдалы Сабыр Шәудірбайұлы,
№1 МӨЦ операторы

15.06.1963 жыл, Барақов Серікбай Көшімұлы,
№5 автотізбектің автомобиль жүргізуші

30.06.1963 жыл, Урбисинов Бекайдар,
Технологиялық топтың жетекші инженері



50 жас

04.06.1973 жыл, Бәрібай Ғани Амангелдіұлы,
КҚБ аға инженері

04.06.1973 жыл, Қорабаев Әділбек Еділбайұлы,
БӨЦ ХСТ аппаратшысы

05.06.1973 жыл, Есболаев Мерген Жолдасбайұлы,
ӨАЦ слесарі

05.06.1973 жыл, Аяпберген Рахат Жолмурадұлы,
Ұңғыларды жөндеу шебері

06.06.1973 жыл, Ергешов Қайсар Әлімханұлы,
№6 автотізбек моторисі

07.06.1973 жыл, Қашқынбаев Бикелді Қуанышұлы,
БӨЦ ХСТ аппаратшысы

10.06.1973 жыл, Бимағанбетов Бауыржан Смагулович,
№1 автотізбек жүргізушісі

13.06.1973 жыл, Бекқұлов Амангелді Шадауұлы,
№2 МӨЦ операторы

14.06.1973 жыл, Ауданбаев Шаппа Юнусұлы,
№6 автотізбек машинисі

15.06.1973 жыл, Қуандық Абыл Есқуатұлы,
№2 ҰЖКЖ көтергіш жүргізушісі

ҚАРАЖАНБАС АРДАГЕРЛЕРІ ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ



«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның ардагерлер командасы елордада өткен шағын футбол турнирінің жеңімпазы атанды. Аяқдоп бәсекесі «Теңізшевройл» компаниясының 30 жылдығына орай ұйымдастырылған. Жарысқа Астана қаласындағы салалық кәсіподаққа қарасты 6 мекеменің 50 жастан асқан мұнайшылары қатысты.

Қаражанбастықтар жасыл алаңда алдымен салалық кәсіподақ командасымен кездесіп, 5:3 есебімен жеңіске жетті. Келесі кезеңде ТШО командасымен тартысып, 4:4 есебімен таразы басы тең түсті. Жартылай финалда Қаражанбас ардагерлері «МаңғыстауМұнайГазды»

6:3 есебімен жеңіп, айқын басымдық көрсетті. Ал, ақтық сында ТШО-мен қайта кездесіп, 4:2 есебімен алғашықты.

Турнир қорытындысы бойынша Қаражанбас ардагерлері командасына диплом мен чемпиондық кубок табыс етілді. Бұдан бөлек, Бұрғылау және ұңғымаларды жерасты күрделі жөндеу департаментінің (БЖҰЖКЖД) инженері Мақсат Ізтаев «Үздік сұрмерген», ал №3 мұнай өндіру цехының (МӨЦ) операторы Бернұр Ғабдірасылұлы «Үздік жаттықтырушы» атанды. ҚБМ басшылығы жеңімпаздарды құттықтап, компания абыройын елорда төрінде асқақтатқаны үшін алғыс білдірді.

19.06.1973 жыл, Бисембиев Айдарбек Орынбасарұлы,
Жылу және сумен қамту цехының операторы

20.06.1973 жыл, Аққұлов Батырбек Тілегенұлы,
№5 автотізбек жүргізушісі

21.06.1973 жыл, Магерамов Эмиль Зейналович,
ДЗ жетекші инженер-технологі

23.06.1973 жыл, Қосмағанбетов Қали Ерсұлтанұлы,
№5 автотізбек машинисі

24.06.1973 жыл, Рамазанов Нұрбай Аблайұлы,
№1 МӨЦ операторы

26.06.1973 жыл, Мигулько Евгений Евгеньевич,
БӨЦ машинисі

27.06.1973 жыл, Кошчанова Айнаш Ходжанепесқызы,
аға экономист

29.06.1973 жыл, Найзабеков Нұрғали Шерниязұлы,
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері

30.06.1973 жыл, Тағыбеков Еркін Байбалаұлы,
БӨЦ ХСТ аппаратшысы



Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,
Артылып абыроймен беделіңіз!



QARAJANBAS

«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Мекен-жайы:

130000 Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,
4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс
департаменті Директорының орынбасары,
Телефон: 8 (7292) 473871
E-mail: M_Sebasov@kqb.kz

Шаршова Е.А. – баспасөз хатшы
Телефон: 8 (7292) 473002
E-mail: Y_Sharshova@kqb.kz

Түзелбай А.А. – журналист
Телефон: 8 (7292) 473072
E-mail: A_Tuzelbay@kqb.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады
Таралымы 500 дана.

Газет «Adver.kz» ЖШС
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:

130000, Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 3 Б ш/а, 55/7 ғимарат
Тел.: 8 (7292) 507 000
Сайт: www.adver.kz